

20 қараша 2024



Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының қорытындылары

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы («Қоғам» және FlyArystan «тобы» еншілес компанияларымен бірге) түсім көлемі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ өңірлеріндегі әуекомпаниялардың ірі тобы 2024 жылғы 15 қарашада өткен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында мынадай шешімдер қабылданғанын хабарлайды:

1. «Эйр Астана» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 13 қазандағы шешімімен бұрын мақұлданған ірі мәмілеге өзгерістер енгізу (№ 188 хаттама) және Airbus A320neo тобының әуе кемелерінің паркін басқару бағдарламасы шеңберінде International Aero Engines, LLC (қызметтер жеткізуші ретінде), «FlyArystan» АҚ (құқықтар мен міндеттердің бір бөлігін қабылдайтын жаңа тарап ретінде) және «Эйр Астана» АҚ (құқықтары мен міндеттерінің бір бөлігін беретін тарап ретінде) арасында PW1100G үлгісіндегі қозғалтқыштарға техникалық қызмет көрсетуге құқықтар мен міндеттемелерді беру туралы Келісім жасасу жолымен және «Эйр Астана» АҚ мен «FlyArystan» АҚ-ның мәміленің бұрын мақұлданған жалпы сомасын және оның өзге де талаптарын өзгертпей, ортақ міндеттемелер қабылдауымен жасауға мүдделілік бар ірі мәміле жасау (өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы).

2. Эйр Астана АҚ-ның Бас атқарушы директорына осы шешімді іске асыру үшін «Эйр Астана» АҚ атынан барлық қажетті іс-қимылдарды жүзеге асыруға өкілеттік берілсін.

Сұрақтар бойынша ir.airastana.com сайтына кіріңіз немесе хабарласыңыз:

Air Astana

Ирина Мартинез
Инвесторлармен байланыстар
қызметінің басшысы
investor.relations@airastana.com

Air Astana

Белла Тормышева
Корпоративтік коммуникациялар
жөніндегі вице-президент
media@airastana.com

Instinctif Partners

Галина Кулачек
Ханна Скотт
airastana@instinctif.com

Қоғам туралы

«Эйр Астана» АҚ Тобы («Эйр Астана» АҚ және «FlyArystan» АҚ) түсім көлемі мен әуе флотының мөлшері бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. Air Astana тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған Air Astana толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 57 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. Air Astana Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Air Astana Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он екі рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік қызмет көрсету» марапатын сегізінші рет иемденіп отыр. FlyArystan екінші рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды. Сонымен қатар, «Эйр Астана» АҚ APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).